6D030100 – Құқықтану мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Рахимова Гакку Нурлановнамен орындалған «Қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес қылмыстық жазалар (қылмыстық-құқықтық және қылмыстық-атқару аспектілері)» тақырыбында дайындалған диссертациялық жұмысқа ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Қазақстан Республикасында жүргізілетін қылмыстық саясат тәуелсіздіктің алғашқы күнінен бастап қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаларды қолдану жағдайын кеңейте отырып, қылмыстық заңнаманың қылмыстық жазаларды жеңілдету мен либерализациялауға қатысты бөлігін әрі қарай ізгілендіру шараларын көздейді.

Оның үстіне экономикалық тұрғыдан бас бостандығынан айыру мемлекетке үлкен шығындар алып келеді. Сондықтан да қарастырылып отырған мемлекеттік ықпал ету шараларының экономикалық аспектілерін негіздеу маңызды. Бұрыннан қалыптасқан стереотип - бұл бас бостандығынан айыруды қылмыстың кез-келген түріне мемлекеттің ықпал етуінің әмбебап құралы ретінде қалыптастырады. Тәжірибе көрсеткендей, қоғамнан оқшаулау әрқашан қылмыстық саясат міндеттеріне қол жеткізудің қажетті шарты деп санауға болмайды.

Бұл тұжырым онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстарды алғаш жасағандарды түзету үшін мамандандырылған пенитенциарлық мекемелерге орналастыру талап етілмейтіндерге қатысты болмақ.

Қазіргі қылмыстық-атқару саясаты бас бостандығынан айыруға байланысты емес жазалар мен өзге де шараларды қолдану аясын кеңейтуді көздейді. Бұл, ең алдымен, ҚР Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлігінің баптарының санкцияларына, сот практикасына, сайып келгенде, бас бостандығынан айыруға балама жаңа жазаларды енгізуге қатысты болады.

Бұл мәселені шешу қылмыстық құқық бұзушылықпен күресте халықаралық қоғамдастыққа ізгілендіру және одан әрі интеграциялау талаптарына сәйкес келеді.

Жоғарыда айтылған жағдай зерттеу тақырыбының өзектілігін, сондай-ақ практикалық маңыздылығын растайды. Бұл жағдай қылмыстық саясатты жетілдіруге бағытталған тиімді ғылыми негізделген практикалық ұсыныстарды қалыптастыру үшін көптеген ғылыми еңбектерді зерттеу мен талдауды қажет етеді.

Диссертант ғылыми іздену барысында қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазалардың қылмыстық-құқықтық және қылмыстық-атқару құқықтары аспектілерінде зерттей отырып, оның теориялық ережелерін ұстанады.

Қылмыстық заңнамаға сүйенсек, қылмыстарды санаттарға бөлу негіздерінің қатарына жаза түрлері және іс-әрекеттің қоғамға қауіптілігі жатады. Құқық нормасы санкциясындағы кейбір балама жазаларды практикада

қолдану әрдайым мүмкін емес. Бұл жағдайда заң шығарушы бас бостандығынан айыру жазасын норманың санкциясынан алып тастай алмайды, себебі қылмыс танылатын нормаңы, қылмыстық теріс қылыққа айналдырары анық. Осы ретте қылмыстарды санаттарға бөлу негіздерінің қатарын толықтыру бұл процесті жеңілдете түсері анық. Ал бұл қылмыстық жаза мақсаттарына қолжеткізу бағытында қоғамнан оқшауланумен байланысты емес жазаларға басымдық беру маңызды.

Диссертациялық жұмыста баяндалған материалдың сенімділігі мен негізділігі жеткілікті. Негізділік дәрежесі отандық және шетелдік авторлардың көптеген ғылыми әдебиеттерін, еңбектерін, статистикалық деректерді және құқық қорғау органының іс-құжаттарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мен ТМД, алыс шетел қылмыстық және қылмыстық-атқару заңнамаларының қолданылуымен расталады. Ғылыми нәтижелер мен тұжырымдар бір-біріне қатысты дұрыс және дәйекті. Аталған жайлар зерттеу жұмысының теориялық негізін қалап, оның ғылыми әдістемелік және іс-тәжірибелік құндылығын арттыра түседі.

Жылдар бойында бас бостандығынан айыру жазасын қолдануға басымдылық берілгеніне қарамастан, қылмыстық құқық бұзушылардың түзелу мүмкіндігі оң нәтиже бере алмай келгені көпшілікке аян.

Әлеуметтік әділдікке қол жеткізудің құралы тек қатаң заң емес, қылмыс субъектісінің бойында құқықтық мәдениетті қалыптастыруға қолжеткізуі үшін осы тұста құқық қорғау органы қызметкерлерінің кәсіби біліктіліктерінің қажеттілігін жасыра алмаймыз.

Диссертант Рахимова Гакку өзінің диссертациялық жұмысына қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазалар мәселесін тақырып етіп алып, аталған қылмыстық және қылмыстық-атқару нормаларын жетілдірудің негізгі бағыттарын анықтауға қол жеткізген.

Бұл үшін мәселелерге жан-жақты әрі кешенді талдау жасап, қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазалардың ұғымына, мәніне, олардың жекеленген түрлеріне тоқталып, құқық қолдану тәжірибесіндегі қайшылықтарды нақтылайды.

Диссертант сот практикасында қоғамдағы жағдайларды, қылмыстық іс-әрекеттердің қоғамға қауіптілігін, қылмыскердің жеке басын ескеріп, тиімді жаза тағайындау мүмкіндігіне қолжеткізу мақсатында қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазалардың арақатынасын зерделеп, теориялық, заңнамалық және ұйымдастыру деңгейлерінде қайта қарауды жөн санайды. Қылмыстылықтың алдын алуда қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазалардың экономикалық, әлеуметтік тұрғыдан тиімділігін мойындап, оған басымдық беру керектігін алға тартады.

Зерттеу нәтижесінде ізденуші ҚР ҚК, ҚР ҚАК және өзге де заңнаманың жаңа редакцияларының үлгілерін ұсынған.

Ғылыми нәтижелерді мемлекеттік бағдарламалар мен нормативтік негізі бар шешімдерді қабылдау және заң шығару қызметі барысында қолдануға

болады. Сонымен қатар, құқықтық реформаларды тиімді ұйымдастырудың ғылыми негіздемелерін жасауға көмектеседі.

Г.Н.Рахимованың диссертациясы тәжірибе сұранысын және қылмыстық құқық және қылмыстық атқару ғылымдарын дамытуға бағытталған кешенді зерттеу жұмысы ретінде бағаланады.

Диссертация жоғары деңгейде орындалған және жақсы ойластырылған, зерттелетін тақырыптары бойынша жаңашылдығымен, практикалық және теориялық маңыздылығымен жүйелі түрде қарастыруға мүмкіндік береді.

Рахимова Гакку Нурлановна 2018-2021 жылдар аралығында Қонаев университетінде «6D030100 — Құқықтану» мамандығы бойынша докторантурада оқыды. Он бес жылдан бері жоғары оқу орындарында оқытушылық және басқарушылық қызметтер атқарып келеді. Құқықтану саласының өзекті мәселелеріне арналған 60 ден аса ғылыми еңбектері бар, оның ішінде үш оқу құралы, скопус, web of science базасында мақалалары жарияланған. «6D030100 – Құқықтану» мамандығы бойынша докторантураның оқу-жоспарына сәйкес, 2020 жылы Польшаның Катовица қаласындағы «Жоғары Силезская академиясында» ғылыми тағылымдамадан өткен.

Г.Н.Рахимова тақырыптың негізгі аспектілерін мақсаттар мен міндеттер шеңберіне аудара отырып, жұмысты орындау барысында оған қол жеткізген. Жұмыс логикалық және дәйекті құрылымға ие, бұл жеткілікті дәрежеде қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазалардың сипаттамалары мен ерекшеліктерін ашуға мүмкіндік береді. Жұмыстың жазылуының теориялық деңгейі, тілі және жазу дағдылары, толықтығы, нақтылығы, бөлімдердің логикалық тұрғыдағы байланысы жұмыстың жоғары деңгейде жазылғанын білдіреді және зерттелу деңгейі жаңа материалдармен толыққаны, жеке тұжырымдарының маңыздылығы автордың ғылыми жұмысты орындаудағы артықшылығы деп көрсетуге болады.

Диссертациялық жұмысты орындау барысында автордың ізденгені және ол ізденіс нәтижелі болғаны диссертациялық жұмыстың мазмұнынан көрінеді.

Қорыта айтқанда, 6D030100 – Құқықтану мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Г.Н.Рахимовамен орындалған «Қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес қылмыстық жазалар (қылмыстық-құқықтық және қылмыстық-атқару аспектілері» атты тақырыптағы диссертациялық жұмыс қорғауға жіберуге лайықты, диссертациялық талаптарға толық сәйкес келеді, деген пікірдемін.

«Тұран» Университетінің құқық
ҒЗИ директоры,
заң ғылымдарының докторы, профессор
ҚР ІІМ еңбек сіңірген қызметкері **Г.К.Акимжанов**

«Научно-исследовательский институт права при университете «Туран»

КЕҢСЕ

«___»_____ 2024 ж.